

Жоба

Мал дәрігері мамандығы






- **Ветеринария;** ([лат.](#) *veterinarius* — малды бағып—қарайтын қызметкер, [жануарларды](#) емдейтін маман) - жануарлар [ауруларының](#) алдын алу, оларды емдеу, мал дәрігерлік сараптау және тексеру арқылы санитарлық тұрғыдан таза жануарлар өнімдерін өндіру нәтижесінде, адамзатты антропозооноз ([адамға](#) жұғатын) ауруларынан сақтау, сыртқы [қоршаған ортаны](#) қорғаудағы ветеринарлық-санитарлық проблемаларды шешу мәселелері туралы ғылыми ілім.


Мал атасы.

Қой атасы-Шопаната,
Жылқы атасы-Қамбарата,
Ешкі иесі-Сексеката,
Түйе атасы-Ойсылқара,
Сиыр иесі-Зеңгібаба.

Жануарлар аурулары

ВИРУС – қарапайым микроорганизмдер олардың бактериядан айырмашылығы тек тірі жасушаға еніп, өсіп көбейеді. Шешек, қызба ауруларын шақырады.





Сиыр обасы ауруы

Сиыр обасы — [сиырлар](#) және т.б. ірі [жұптұяқтылар](#) ([африкалық бизондар](#), [бөкендер](#), [бұғылар](#), [керіктер](#), [гнулар](#)) ауыратын вирусты инфекциялық ауру. Сиыр обасы өлітию түрінде, кілегейлі қабықтардың, әсіресе ішек қарынның кілегейлі қабықтарының, ісініп өліеттенуі, дене қызуының көтерілуі туралы алғашқы жазба деректер біздің дәуіріміздің бастапқы кезеңінде кездеседі. Б.з.б. ғ-да Аристотель өзінің «Historia Animalium» атты еңбегінде дертке сипаттама берген. Италиялық дәрігер және профессор [Бернардино Рамадзини](#) оның жұқпалы екендігін 1712 жылы анықтаған. Қоздырушысының [1902 жылы Морис Николь](#) мен [Әділ Мұстафа](#) ашты 19 ғасырдың аяғына дейін сиыр обасы лаң түрінде дүниежүзіне кең тарады.

Дертке соңғы рет [2001 жылы Кенияда](#) үй жануарлары ұшыраған. 2010 жылдың 14 қазанында [БҰҰ](#)-ның [Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы](#) ауруды жою науқанының аяқталуына жақындығы туралы және 2011 жылдың маусым-айында ол бүкіл әлемде түп-тамырымен жойылатыны туралы мәлімдеді. ілуі арқылы ерекшеленетін, жіті өтетін вирустық ауру.

Инвазиялық (паразитарлық) аурулары

Инвазиялық ауруларды (латын сөзінен аударғанда

invasio—ену, шабуыл

жасау) жануарлардан пайда болған (қарапайымдылар, гельминттер, шаянтәрізділер және жәндіктер) қоздырушылар


тудырады. Жұқпалы аурулар (латын сөзінен аударғанда infectio—зақымдалу) өсімдік организмден пайда болған (вирустар, микробтар, риккетсиялар, саңырауқұлақтар).

Инвазиялық ауру—жануар организміне паразит—қоздырушының патогендік әсер ету нәтижесі.

Паразиттің патогендік әсері бірнеше факторлардан тұрады: механикалық, аллергиялық, токсикалық, паразит санынан, ену жолдарынан, мекендейтін орнынан, даму биологиясынан (личинкалардың миграциясы, организмде өніп-өсу қабілеттілігі)

Паразиттік организмнің ауру тудырушылығы—ол қатан жеке генетикалық көрсеткіш ауру тудыратын процессі. Жеке организмдердің арасында паразиттің бір түрінің штамдары өздеріне ғана тән қасиеттерін белгілейді. Мысалы, Қазақстанда

эхинококкустың бір штампы қойлар мен иттерде тіршілік етеді.



Дауалау және күресу жолдары



Ауруды болдырмау үшін малды балшықты, ағынсыз су көздерін суаруға, сазды жайылымдарға жаюға, топырақпен былғанған жемшөп беруге болмайды. Ферма мен жайылым территориясының санитариялық-гигиеналық жағдайына үнемі бақылау жасап, жануарларды жарақаттанудан сақтау керек. Сау емес шаруашылықтарда сиыр малын 3 айдан 4 жасқа дейінгі аралықта, қойды 6 айдан жоғары жаста егу қажет. Әдетте жайылымға шығар алдында егеді. Егер жайылым маусымы ұзақ болса 6 айдан соң қайталап егеді. Қарасан жиі байқалатын жерде бұзауларды 2 рет 3 және 6 айлығында егеді.

Қарасан ауруына сипаттама



Қарасан (*Gangrena emphysematosa*

эмфизематозный карбункул) – жіті өтетін, жұғымтал емес, бұлшық еттердің басып көргенде сықырлайтын қабынуы арқылы ерекшеленетін жұқпалы ауру.

Қарасан өте ерте заманнан белгілі, оны ұзақ уақыт топалаңмен шатастырып келді. 1870 жылы Ф.Шабер бұл екі жұқпалы аурудың клиникалық белгілерін талдап, бір-бірінен ажыратты. Қоздырушысының 1887 жылы С.Арлуэн мен Ж.Томас ашты. 1925 жылы Лекленш пен Валлэ вакцина ұсынды. Ауру бүкіл дүниежүзінде байқалды.

Індеттік ерекшеліктері



Қарасанмен негізінен 3 айдан 4 жас аралығындағы сиыр малы, сирепірек қой, ешкі, бұланмен бұғы ауырады. Жас төл колостральдік иммунитеттің, ал сақа мал иммундеуші субинфекцияның әсерінен төзімді келеді. Негізінен коңды, бұлшық еттерінде гликоген мол жас жануарлар ауырады. Түйе мен шошқаға қолдан жұқтыруға болады. Зертханалық жануарлардың ішінде теңіз тышқаны аса сезімтал. Инфекция қоздырушысының бастауы - ауырған жануарлар, ал таралу факторларына ауру қоздырушысының спораларымен ластанған топырақ, жем-шөп, жайылым, батпақты, ағыны жоқ су көздері жатады. Ауру алиментарлық жолмен және зақымданған тері арқылы жұғады. Қоздырушысының денеге бойлауына ауыздың кілегейі қабығының бүлінуі, ішек-қарынның қабынуы, кейбір гельминтоз аурулары жағдай жасайды. Қойларға негізінен тері арқылы, қырыққан кезде жұғады.